

Қазақстанның темір жолдарында "Нөкер" тиекті қорғасын-таңбалау қондырғысын енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі 1996 жылғы 19 тамыз N 193. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 6 қыркүйекте N 196 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 69-І бұйрығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Көлік және коммуникациялар министрінің
2005 жылғы 8 ақпандағы N 69 бұйрығынан үзінді

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің норма шығармашылық жұмысын реттеу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан темір жолдарында "Нөкер" бекіту - пломбылау құрылғыларын енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1996 жылғы 19 тамыздағы N 193 бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Көлік және коммуникациялар министрлігімен тиекті-қорғасын таңбалау және көліктегі Шығыс УГСК басқармасының сарапты-криминалдық қорытындысы бойынша темір жолдардан келіп түскен барлық материалдар қаралды. Қазақстан темір жолдарында тасымал құралдарын қорғасын таңбалауға негізінен жауап беретін, сенімді құрал ретінде, "Нөкер" фирмасының тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысын қолдану туралы шешім қабылданды.

Қазақстанның темір жолдарында тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету мен қолданылатын тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысының бірыңғай стандартын енгізу мақсатымен, бұйырамын:

1. Қазақстанның темір жолдарындағы вагондар мен контейнерлерді 1996 жылғы 1 қыркүйектен бастап, "Нөкер" фирмасының тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысымен қорғасын таңбалау енгізілсін:

2 . Ж о л б а с т ы қ т а р ы :

2.1. Осы жылдың 15 тамызына дейін "Нөкер" ШЖС тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысының қажетті санын әзірлеу үшін шарттар бекітсін.

2.2. Барлық жүк жөнелтушілерге вагондар мен контейнерлерді қорғасын таңбалаудың жаңа тәртібі жеткізілсін.

3. Енгізу басталған соң 3 ай мерзім ішінде тиекті-қорғасын таңбалау

қондырғысы жұмыстары қорытындылансын және ТМД және Балтия темір жолдарында пайдалануға ТЖКОК рұқсат алуға жіберу үшін техникалық құжаттар әзірленсін.

Министр

**Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы вагондар мен контейнерлерді тиекті-қорғасын таңбалы қондырғылармен қорғасын таңбалаудың Уақытша ережелері
(Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы Уақытша Жарғының 45-бабы)**

1. Вагондар мен контейнерлерді бекітіп тастау үшін қолданылатын тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысы (ТҚТҚ) өзінің конструкциясы бойынша мыналарды қамтуы тиіс:

- есік бастырмаларының сенімді бекітілуі;
- тұтастығын бұзбай вагоннан (контейнерден) алу мүмкіндігінің жоқтығы;
- қолдан жасаудан жоғары қорғалуы.

2. Тиелген жабық вагондар (соның ішінде изотермиялық) және цистерналар мына жағдайларда, қорғасын таңбалануы тиіс:

а) темір жолмен жүк тиелген кезде, темір жолдың тиекті-қорғасын таңбалы қондырғыларымен бекіту;

б) жүк жөнелтушімен тиелген кезде жүкті жүк жөнелтушінің тиекті-қорғасын таңбалы қондырғылармен бекіту;

3. Жүк тасымалы Ережелерінің қосымшасында тізілген жүктерді тасымалдау, тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысынсыз, бірақ міндетті түрде сым бұраулар салу арқылы (ұзындығы 250-260 мм, диаметрі) 6 мм күйдірілген сыммен жүзеге асырылады.

Шекара стансалары арқылы экспортқа баратын жүктерді, ТҚТҚ жоқ болған жағдайда, вагондарда тасымалдауға рұқсат жоқ.

4. Тиелген контейнерлер жүк жөнелтушінің ТҚТҚ қорғасын таңбаланады.

Ауыл шаруашылығы өнімдері, сондай-ақ азаматтардың беретін үй заттары бар контейнерлер, жүк жөнелтушілерге көзінше темір жол ТҚТҚ, ал жүк жөнелтушілерге көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуді жүзеге асырған кезде, темір жол көлігі Департаментінің жүйесіне кірмейтін ұйымдардың құралдарымен қорғасын таңбаланады.

5. Жеке жүк түрлерін тасымалдау Ережелеріне қарастырылған жағдайларда, осы жүктерді түсірген соң, бос вагондар да қорғасын таңбаланады.

6. ТҚТҚ ілу және алу, сондай-ақ кәсіпорындарды, ұйымдар мен темір жолдарды ТҚТҚ қамтамасыз ету жеке нұсқаумен анықталады.

7. Қазақстан Республикасының темір жолдарына енгізу үшін, ТҚТҚ қабылдауға, көліктегі криминалдық сараптау басқармасының КСБ қорытындысы және оларды Көлік және коммуникациялар министрлігінде бекіту қажет.

8. Мемлекетаралық қатынаста, ЦСЖТ келісімі бойынша және ТМД елдерінің темір жол әкімшілігімен бекітілген тәртіпте ТҚТҚ-ны қолдануға рұқсат беріледі.

9. Республика ішінің қатынасында бірыңғай тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысының қолданылуы міндетті.

10. Бірыңғай тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысы қабылданғанға дейін " Жүк тасымалы ережелерінің" 5 бөліміне сай көрсетілген қорғасын-таңбалар қолданылады.

К е л і с і л д і :

Министрдің орынбасары
Темір жол көлігі
Департаментінің директоры
К ж К М заң актілері мен заң
жұмыстары бөлімінің бастығы
Қалыптық құжаттарды әзірлеу

бойынша топ басшысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨЛІК ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

Б е к і т е м і н :

Министр
1996 жылғы 19 тамыз

**Темір жол көлігінің кәсіпорындары мен жүк жөнелтушілерді
қорғасын таңбалы-құлыптарымен қамтамасыз ету, оларды
есептеу тәртібі және вагондар мен контейнерлерді
қорғасын таңбалау үшін "Нөкер" бір жолғы
пайдаланымдағы тиекті қорғасын таңбалау қондырғысын
қолдану ережелері бойынша
Уақытша нұсқау**

Келісілді:
"Нөкер" ЖШС Директоры

Департаментінің директоры
1996 ж. "14" августа

Келісілді:
Зам. Темір жол көлігі

1996 ж. "19" августа

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы нұсқау темір жол стансаларының, тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылған дистанциялардың (бұдан әрі - дистанциялар), темір жол бөлімдерінің, жүк жөнелтушілердің вагондар мен контейнерлерді бекітіп тастауы және қорғасын таңбалауы үшін, зауыттың бақылау белгісі бар тиекті-қорғасын таңбалау қондырғысын (бұдан әрі - ТҚТҚ) жасауға тапсырысты ресімдеу тәртібі мен мерзімін анықтайды, оларды әзірлеу, жеткізу және есептеу тәртібін б е л г і л е й д і .

1.2. ТҚТҚ темір жол Басқармасымен бекітілген немесе келісілген техникалық құжатқа сай, "Нөкер" ЖШС патентіне сәйкес жасалады.

"Нөкер" ЖШС-нің ТҚТҚ-ны жасауға монополиялық құқығы бар және патентке сай, Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз өндіруші болып т а б ы л а д ы .

1.3. Сыртында зауыттық бақылау белгісі салынғандықтан, әрбір ТҚТҚ е с е п т е у г е а л ы н а д ы .

1.4. ТҚТҚ-да төмендегі зауыттық бақылау белгілері болуы тиіс.

1.4.1. Негізгі-алты орынды сан нөмірі;

1.4.2. Қосымша темір жолдың қысқаша әріппен жазылған аты, әзірленушінің тауарлық белгісі, шыққан жылының соңғы саны және ҚР патенті (N 1 қосымша).

2. ТҚТҚ әзірлеуге тапсырыстарды ресімдеу тәртібі

2.1. Жоспардағы жылға ТҚТҚ қажеттігі келесі тәртіппен анықталады:

2.1.1. Жүк жөнелтушілер басталар жылға үш ай қалғанда, жүк жөнелтетін стансаға (дистанцияға) ТҚТҚ қажетті санын әзірлеуге тапсырыс (екі дана) ж і б е р е д і ;

2.1.2. Стансаның (дистанцияның) жауапты қызметкері тапсырыстың екі данасын да күнтізбелік штемпелмен куәландырады және жүк жөнелтуші ТҚТҚ-ны тікелей әзірленушінің қоймасынан алғысы келген жағдайда, тапсырыстың бір данасын жүк жөнелтушіге қайтарады;

2.1.3. Станса (дистанция) бір айдың ішінде, жол бөліміне мыналарды: бөлшектің алымында-тапсырылатын ТҚТҚ жалпы саны, бөлімінде жүк жөнелтушінің тікелей әзірлеуші қоймасынан алатын ТҚТҚ-ның саны көрсете отырып, ТҚТҚ әзірлеудің бір жылғы тапсырысын жібереді.

2.1.4. Жол бөлімі, он күннің ішінде, ТҚТҚ әзірлеудің жылдық тапсырысын тоқсан бойынша бөле отырып, темір жол Басқармасына жібереді.

2.1.5. Жол басқармасы, жыл аяқталуына бір ай қалғанда, ТҚТҚ тапсырысын ә з і р л е у ш і г е ж і б е р е д і .

2.1.6. Жол басқармасы, жол бөлімі, станса (дистанция) арқылы, жүк жөнелтушіге, Жол басқармасымен, жол бөлімімен немесе әзірлеушімен

жабдықтау шартын бекіту қажеттігі туралы хабарлайды.

2.1.7. Жүк жөнелтуші, әзірлеушінің қоймасынан тікелей ТҚТҚ алу үшін, оған стансаның (дистанцияның) күнтізбелік штемпелі бар тапсырыстың екінші данасын қоса, қол қойылған шартты және алуға құқық беретін сенімхатты ұ с ы н а д ы .

2.2. Ерекше жағдайларда (жаңа кәсіпорындар, стансалар мен ТҚТҚ басқа тұтынушылары ашылған кезде) ТҚТҚ әзірлеудің тапсырысы, осы нұсқаудың 2.1.1-2.1.7 анықталған тәртіппен әзірлеушінің келісімі бойынша белгіленбеген мерзімде жіберуі мүмкін.

3. ТҚТҚ әзірлеу мен тиеп жіберу

3.1. Әзірлеуші түскен тапсырыстардың негізінде, жол басқармасы арқылы өнім шығарудың жылдық жоспарына ТҚТҚ өндірісін кіргізеді.

3.2. Әзірлеуші ТҚТҚ есептеу, сақтау және тиеу тәртібін қарастыратын уақытша нұсқау бекітеді. Жергілікті жағдайларға қатыссыз, мына талаптар қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

3.2.1. ТҚТҚ барлық тапсырыстары іс номенклатурасында қарастырылған жеке іс-папкасында сақталуы, тапсырыс және тиеп жіберуді жазу журналында тіркелуі т и і с .

3.2.2. ТҚТҚ жұмыстан тыс уақытта қорғауға тапсырылатын, жеке бөлмеде буып-түюлі күйде сақталуы т и і с .

3.2.3. Жол бөліміне, стансаға (дистанцияға) немесе жүк жөнелтушіге жіберілетін ТҚТҚ-ны, әзірлеуші, тапсырыс және тиеп жіберуді жазу журналына, сол тұлғалардың қол қоюы және олардың жеке басы мен уәкілдіктерін куәлауы а р қ ы л ы б е р е д і .

3.3. ТҚТҚ орауына жазылған бақылау белгілерінің рет нөмірін сақтай отырып, тарасы мен орау қағазындағы бақылау белгілерінің нөмір ара қашықтығын көрсете отырып, он данада оралады.

3.4. ТҚТҚ жабдықтау жинақтылығы тапсырыс берушінің әзірлеушімен келісімі бойынша анықталады және шартта көрсетіледі.

3.5. Әзірлеуші ТҚТҚ-ны жол бөліміне, стансаға (дистанцияға) немесе жүк жөнелтушіге жабдықтау шартына және қоймадан жіберілетін барлық ТҚТҚ нөмірлеу шартына сай тиейді, Жол басқармасын хабардар етеді.

4. Темір жолдарда ТҚТҚ есептеу тәртібі

4.1. ТҚТҚ қатаң нөмірлеу есебіне жатады.

4.2. Темір жол бөлімі (мекен-жайына ТҚТҚ түскен кезде) жүк жөнелту стансаларына (дистанцияға) ТҚТҚ-ны жібереді, бұл жағдайда, олар бағытталған

стансаны (дистанция) көрсете отырып, журналда (N 2 қосымша) ТҚТҚ-ны алдын ала тіркеу жүргізіледі (тарасындағы нөмір қашықтығы бойынша).

4.3. Стансада (дистанцияда), тара (орау) комиссиямен ашылады және орау қағазында және тарада көрсетілген нөмірлермен ТҚТҚ-ның сәйкес келуі тексеріледі.

4.4. ТҚТҚ-ның нөмірлері орау қағазынан өзгеше болған жағдайда, жалпы нысандағы акт ресімделеді (23-МТ).

4.5. Келіп түскен ТҚТҚ-ның бақылау белгілері тексеріліп болған соң, олар есеп журналында тіркеледі.

4.6. Станса (дистанция) тексеру нәтижесі туралы бір тәулік ішінде, жедел хат арқылы, келіп түскен ТҚТҚ интервалын көрсете отырып, жол бөліміне хабарлайды.

4.7. Жол бөлімі стансаның (дистанция) жедел хаты бойынша ТҚТҚ нөмірлерін есеп журналындағы бұрынғы жазылған нөмірлермен (4.2 тармақ) салыстырады және Жол басқармасына жедел хатпен хабарлайды. Жедел хаттар, іс номенклатурасында қарастырылған істерде сақталады.

4.8. ТҚТҚ нөмірлерінің өзгешелігін анықтаған темір жол басқармасы, тергеу үшін және Жол басқармасына, жол бөліміне, стансаға (дистанция) хабарлай отырып, шешім қабылдау үшін әзірлеушіге хабарлайды.

4.9. Келіп түскен ТҚТҚ нөмірлерінің дәлденген мәліметі бойынша, Жол басқармасы, оларды бөлімдер бойынша есептейді, ал олар, стансалар (дистанциялар), станса (дистанция) жүк жөнелтушілер бойынша есептейді.


4.10. ТҚТҚ-ны бір стансадан басқасына тапсыру қажет болған жағдайда, олардың тапсырылған нөмірлерінің интервалдары көрсетіле отырып, жол бөлімінің бұйрығы бойынша беріледі.

4.11. Стансаның жауапты қызметкері (дистанция) кәсіпорынның сенімхаты бойынша, есеп журналында, берілетін ТҚТҚ нөмірлерінің интервалын көрсете отырып, жүк жөнелтушіге ТҚТҚ-ны береді.

4.12. Сыныпсыз, бірінші сыныпты стансаларда ТҚТҚ иеленуге құқығы жоқ тұлғалардың, оны пайдалануын болдырмайтын, сол жердің жағдайынан туындайтын, ТҚТҚ сақтау тәртібі - осы кәсіпорындардың бастықтарының бұйрығымен, ал қалған стансаларда жол бөлімі бастығының бұйрығымен белгіленеді.

4.13. ТҚТҚ тікелей қоймадан алынған кезде, қойма меңгерушісі тапсырыс берушіден 2.1.7 тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынуын талап етеді және ТҚТҚ берген соң, нөмір интервалдары мен иесінің атын көрсете отырып, берген ТҚТҚ туралы жүк тиеу жүргізілетін стансаға (дистанцияға), жол бөлімі мен Басқармаға хабарлайды.

4.14. Станса (дистанция) жабдықтау қоймасынан ТҚТҚ алынғаны туралы



1 сурет

Техникалық сипаттамасы:

- | | |
|---|------------------------------|
| 1. Осінің бұзылу күші - | 1400+(-)100 КГК |
| 2. Болат арқанының диаметрі - | Q 6,0+(-)0,2 мм |
| 3. Болат арқанының ұзындығы - | 300 - 350 мм |
| 4. Корпусы мен фиксаторының материалы - | жәй сапалы тік бұрышты болат |
| 5. Коррозияға қарсы тұру беті - | мырыш |
| 6. Маркирленуі - | әріпті-санды |
| 7. Салмағы - | 150 - 160 гр. |

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТІ

"Нөкер" құлпы темір жол вагондарының, цистерналар мен контейнерлердің, сондай-ақ басқа көлік құралы түрлерінің есіктері мен люктарын бекіту мен қорғасын таңбалау үшін арналған. "Нөкер" құлпын қондыру үшін арнайы құрал-сайман қолданылады.

II. "НӨКЕР" ҚҰЛПЫНЫҢ ҚОНДЫРҒЫСЫ МЕН ҚҰРАЛ-САЙМАНЫ

"Нөкер" құлпы тросс және фиксатордың ұшымен мықтап бекітілген корпустан тұрады (3 суреті қара).

III. "НӨКЕР" ҚҰЛПЫН ҚОНДЫРУ ТӘРТІБІ

1. Есіктің немесе люктің ілгегі арқылы құлып тросының бос ұшын өткізу және оны құлып корпусының кесе саңылауына кіргізу (5 суретті қара).
2. Құрал-сайманнан бұrandаны қолмен түбіне дейін бұрап шығару.
3. Жиналған құлыпты құрал-сайманға салғанда, фиксатор алты қырлы бұrandа басы жағында болуы тиіс, ал тросс ұшы сопақ саңылау арқылы құрал-сайманға өтуі тиіс (5 сурет).
4. Сонан соң төмен қарай құлып корпусы есік бастырмасының құлағына тығыз жатқанға дейін троссты тарту қажет (6 суретті қара).
5. Бұrandаны корпус ішіне қарай сағат тілі бойынша фиксатор түбіне дейін қолмен бұрап, кіргізу (7 суретті қара).
6. Бұrandаның алты қырлы басын алты қырлы кілт саңылауына кіргізгенде, кілттегі тіл сағат тілі бойынша бағытталуы тиіс (8 сурет).
7. Бір қолмен құрал-сайманның тұтқасынан ұстай отырып, екінші қолмен бұrandаны барынша 8 КГК күшпен, қайтармалы-айналмалы қозғалыс жасай отырып, тарту қажет.
8. Құралдан кілтті алып, оны қондырған кезде, кілттегі тіл сағат тіліне қарсы

б о л у ы

т и і с .

9. Құлыпты құрал-сайманнан алған сәтке дейін, бұrandаны құрал-сайманнан шығарып алынуы тиіс .

10. Құлып корпусында фиксатордың сенімді бекітілгені мен жинақталғаны тексерілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, құлыпты қайтадан құрал-сайманға салып, 5 тармақтағы операцияларды қайталау қажет.

11. Құлыпты алу үшін, қорғасын таңбалау құрал-сайманын құлыпты алу құрал-сайманына алмастырылады және осы нұсқаудың 5 тармағындағы операциялар қайталанады.